

## Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің қарауындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 мамыр N 794

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Инжгеодезия" Алматы инженерлік-геодезиялық іздестіру қазыналық кәсіпорыны, "Ғылыми-өндірістік картографиялық және геоақпараттық жүйелер кәсіпорыны" қазыналық кәсіпорыны (Картақпарат ҒӨҚ)", "Талғаргеодезия" Талғар картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны, "Талдықорғангеодезия" Талдықорған топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны, оларды Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Қазгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

"Қазгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының негізгі міндеттері - Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау мақсатында кешенді далалық зерттеу Қазақстан Республикасының аумағында топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындау, сондай-ақ Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау үшін картографиялық-геодезиялық жұмыстардың өндірісі болып белгіленсін.

2. "Жамбылгеодезия" Жамбыл картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны және "Шымкентгеодезия" Оңтүстік Қазақстан топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны, оларды Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Оңтүстікгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынына қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

3. Мына республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар:

"Көкшетаугеодезия" Көкшетау картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Солтүстікгеодезия" қазыналық кәсіпорыны;

"Ақтөбегеодезия" Ақтөбе картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Батысгеодезия" қазыналық кәсіпорыны;

"Ақмолатопогеодезия" Ақмола топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Астанатопография" қазыналық кәсіпорыны;

"Семейгеодезия" Семей картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорыны - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "

Шығысгеодезия" қазыналық кәсіпорыны;

"Қазгеодезияның орталық картографиялық-геодезиялық қоры" (ОКГҚ) қазыналық кәсіпорыны - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры" қазыналық кәсіпорыны;

"Қарағандымаркшейдер" Қарағанды топографиялық-маркшейдерлік қазыналық кәсіпорыны - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің "Орталықмаркшейдер" қазыналық кәсіпорыны болып қайта аталсын.

4. 2 және 3-баптарда көрсетілген қайта ұйымдастырылған және атаулары өзгертілген республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың негізгі міндеттері - топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындау болып белгіленсін.

5. 1, 2 және 3-тармақтарда көрсетілген республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оларға қатысты мемлекеттік меншік субъектісінің құқығы функцияларын жүзеге асыратын органы болып - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қайта ұйымдастырылған және атауы өзгертілген республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін;

2) қайта ұйымдастырылған және атауы өзгертілген республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*